# Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы N 1400 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

## *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 5 ақпандағы N 111 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2015 № 1193 қаулысымен ( 01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы N 1400 қаулысына мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 6-қосымшада :

"Қызметкерлер кәсіптерінің, лауазымдарының, санаттарының атауы" деген 2-бағанда :

реттік нөмірі 1-жолда:

1) тармақшада "Денсаулық сақтау ұйымдарының (бөлімшелерінің)" деген сөздерден кейін "дәрігерлерінен, орта медицина қызметкерлерінен, санитарларынан басқа," деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақшада "Денсаулық сақтау ұйымдары мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің" деген сөздерден кейін "дәрігерлерінен, орта медициналық қызметкерлерінен басқа," деген сөздермен толықтырылсын;

12) тармақшада "туберкулезге қарсы кабинеттердің" деген сөздерден кейін " дәрігерлерінен, орта медициналық қызметкерлерінен, санитарларынан басқа" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 18), 19), 20), 21) тармақшалармен толықтырылс ын:

"

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 18) | Туберкулез (туберкулезге қарсы) мекемелерінің, диспансерлерінің, аудандық орталық ауруханалардың және басқа да денсаулық сақтау ұйымдары бөлімшелерінің дәрігерлеріне, орта медицина қызметкерлеріне, санитарларына | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | туберкулездің мультирезистенттік түрімен ауыратын сырқаттармен жұмыс істегені үшін | | БЛЖ-дан 220 % | |
| 19) | Туберкулездік (туберкулезге қарсы) мекемелерінің, диспансерлерінің, орталық аудандық ауруханалар және басқа да денсаулық сақтау ұйымдары бөлімшелерінің, санаторийлердің, санаторий-профилакторийлердің, емдеу-өндірістік шеберханалардың, бөлімшелердің, палаталардың, емдеу-алдын алу ұйымдарының туберкулезбен ауыратындарға арналған оқшаулағыштардың, интернат-үйлерінің туберкулезге қарсы кабинеттердің, балалар туберкулезге қарсы денсаулық сақтау ұйымдарының (бөлімшелерінің) дәрігерлеріне, орта медицина қызметкерлеріне, санитарларына | | БЛЖ-дан 190 % | |
| 20) | Жұмысында рентген сәулелі диагностика пайдаланылатын дәрігерлерге, орта медицина қызметкерлеріне | | БЛЖ-дан 80 % | |
| 21) | Жұмысында ультродыбыстық диагностика пайдаланылатын дәрігерлерге, орта медицина қызметкерлеріне | | БЛЖ-дан 60 % | |

";

реттік нөмірі 6-жолда:

2) тармақшада:

бірінші абзац "акушер-гинекологиялық" деген сөздерден кейін ", неонатологиялық, гематологиялық" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"неонатолог";

жиырма екінші абзацтағы "травматология" деген сөздің алдынан " нәрестелердің физиологиясы және патологиясы бөлімшелерінің, шала туған нәрестелерге күтім жасау бөлімшелерінің нәрестелерге күтім жасауды жүзеге асыратын медициналық бикесі" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы төртінші, бесінші және алтыншы абзацтармен толықтырылсын:

"

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | хирургиялық бейінді медициналық бикесі | | БЛЖ-дан 50% | |
| | химиялық терапия жүргізумен айналысатын гематолог | | БЛЖ-дан 80% | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | гематологиялық сырқаттарға химиялық терапияны жүзеге асыратын медициналық бикесі | | БЛЖ-дан 40% | |

";

5) тармақшада:

"жалпы сараптамалық зерттейтін" деген сөздер алынып тасталсын;

5-бағанда:

бірінші абзацтағы "мәйіттерді сараптаумен" деген сөздерден кейін "және мәйіт материалдарымен" деген сөздермен толықтырылсын;

Ескертпенің 1-тармағындағы "70 %" деген сандар "220 %" деген сандармен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 22-қосымшада:

"Қызметкерлер мамандықтарының, лауазымдарының атауы" деген бағанда:

реттік нөмірі 1-жолда:

2) тармақшадағы "операция медициналық бикесі" деген сөздерден кейін ", хирургия медициналық бикесі" деген сөздермен толықтырылсын;

реттік нөмірі 6-жолда:

1) тармақшадағы "жалпы сараптамалық зерттеулердің" деген сөздер алынып тасталсын, "мәйіттердің сараптамасымен" деген сөздерден кейін "және мәйіт материалдарымен" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 8-жолмен толықтырылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Терапиялық бейінді мамандар: | |
| 1) | Дәрігер: | Реанимацияның, қарқынды терапия мен жаңа туған нәрестелерге, оның ішінде дене салмағы 500 грамм болатын шала туған нәрестелерге күтім жасау нәтижесі үшін тұрақты жүйке-эмоциялық күйзеліс, кезекшілікке және шұғыл шақыртуларға байланысты қатты шаршау, арнайы жабдықтармен тұрақты жұмыс істеу (өкпені жасанды желдету аппараттары, кювездер, реанимациялық үстелдер) |
| | неонатолог | |
| 2) | орта медицина персоналы: | |
| | жаңа туған нәрестелер физиологиясы және патологиясы бөлімшелерінің жаңа туған нәрестелерге күтім жасауды жүзеге асыратын медициналық бикесі | |
| | шала туған нәрестелерге күтім жасау бөлімшелерінің жаңа туған нәрестелерге күтім жасауды жүзеге асыратын медициналық бикесі | |
| 3) | дәрігер: | Жоғары өлім болуы мүмкін қатерлі қан ауруларымен ауыратын сырқаттарға химиялық терапия жүргізу нәтижесі үшін тұрақты жүйке-эмоциялық күйзеліс, тәулік бойғы кезекшілікке, дереу шешім қабылдауды талап ететін өміріне қауіп төндіретін асқынулардың жоғары пайызына байланысты қатты шаршау |
| | химиялық терапияны жүргізумен айналысатын гематолог | |
| 4) | орта медицина персоналы: | |
| | гематологиялық сырқаттарға химиялық терапияны жүзеге асыратын медициналық бикесі | |

2. Осы қаулы 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

*Қазақстан Республикасының*
*Премьер-Министрі К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК